

## Отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы

### *Күші жойғал*

Қызылорда қалалық мәслихатының 2015 жылғы 30 қазандағы № 49/6 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 06 қарашада № 5214 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы № 208-34/5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 21.12.2018 № 208-34/5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) .**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін бюджет қаражаты есебінен 4 ( төрт ) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жыл сайын әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда қалалық мәслихатының  
кезектен тыс XXXXIX сессиясының төрағасы,  
Қызылорда қалалық мәслихаты  
хатшысының міндетін атқарушысы  
Қ. ЕРНАЗАРОВ*